

## Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

**Баланың аты –жөні:** Манат Сұлтан

**Туған жылы:** 21.05.2020

**Топ:** «Жауқазын»

**Мақсаты:**

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

р/с	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p><b>Зейін мен қабылдауды анықтау</b>                      Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау.                      -«Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету                      - «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу                      - «Пішіндерді біріктір» — түстер мен пішіндерді жұптау                      - «Қатесін тап » — суреттегі ұсақ қателерді табу.</p>	<p>Барлық артық затты тапты.</p> <p>Керемет</p> <p>Барлығын сәйкестендірді.</p> <p>Суреттегі барлық қатені тапты.</p>
2	<p><b>Есте сақтауды тексеру</b>                      Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау.                      - «4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату.                      - «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.)</p>	<p>4жол өлеңді толықтай жаттады.</p> <p>8 сөзден 8 сөзді есте сақтады.</p>
3	<p><b>Сөйлеу және ойлау дамуы</b>                      Мақсаты: сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау.                      - «Сурет бойынша әңгіме құрастыру»                      - «Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін)                      - Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен-кіші, жылы-суық)                      - «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар)</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастырды, психологтың көмегі де болды.</p> <p>Айтып берді</p> <p>Біледі</p> <p>Барлығын топтастырды</p>
4	<p><b>Ұсақ моторика</b>                      Мақсаты: саусаққозғалысын, үйлесімділігін бағалау.                      - Суреттерді сәйкестендір.                      - Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру.                      - Нейрожаттығу орындау.</p>	<p>Сәйкестендірді.</p> <p>Түстерді ұяшықтарына дәл лақтырды, кейбір кіші ұяшықтарға дәл түспеді.</p> <p>Қызығушылықпен орындады.</p>
5	<p><b>Эмоциялық-ерік аймағы</b>                      Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау.</p>	<p>Барлығын дұрыс қойып</p>

	- «Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды. - «Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау	шықты. Эмоцияларды көрсетті, асықпай толық түсіндірді, ұялшақтық байқалады.
6	<b>Әлеуметтік бейімделу</b> Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау. Бақылау барысында: - Тапсырма кезінде белсенділігі - Көмек сұрай ма, жоқ па -Қарым-қатынасқатүсуі	Қызығушылықпен орныдады. Тапсырма орындау кезінде Салмақтық байқалады. Көмек сұрамайды, түсінбегенін қайта түсіндіруді өтінеді. Қарым – қатынасқа жақсы түседі, арасында ұялшақтық бар.

### Даму деңгейі:

**Жалпы даму деңгейі – жақсы.** Сұлтанның ұсынылған тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, танымдық процестердің жақсы дамығанын көрсетті. Зейіні тұрақты, қабылдау дәлдігі жоғары, тапсырмаларды орындау барысында мұқияттылық танытады.

**Зейін мен қабылдау:** барлық артық заттарды дұрыс анықтады, ұқсас суреттерді және пішіндерді толық сәйкестендірді, суреттегі қателердің барлығын тапты. Зейіннің шоғырлануы мен көру-қабылдау дағдылары жақсы деңгейде қалыптасқан.

**Есте сақтау қабілеті:** қысқа мерзімді есте сақтауы жоғары деңгейде дамыған. Төрт жолды өлеңді толық жаттап айтып берді, ұсынылған сегіз сөздің барлығын есте сақтап қайталады.

**Сөйлеу және ойлау дамуы:** сурет бойынша әңгіме құрастыра алды, бірақ психологтың аздаған көмегі қажет болды. Заттардың қызметін дұрыс түсіндіріп берді, қарама-қарсы ұғымдарды біледі, заттарды топтастыру тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындады. Сөздік қоры мен логикалық ойлауы жас ерекшелігіне сәйкес дамыған.

**Ұсақ моторикасы:** тапсырмаларды дұрыс орындады. Түстерді қажетті ұяшықтарға дәл түсірді, тек кейбір кіші ұяшықтарда аздаған дәлдік қиындықтары байқалды. Қолдың ұсақ бұлшықеттерінің дамуы жақсы деңгейде.

**Эмоциялық-ерік саласы:** эмоцияларды дұрыс танып, олардың мәнін толық түсіндіре алды. Эмоциялық жағдайларды ажырата біледі. Кей жағдайда ұялшақтық байқалғанымен, бұл тапсырмаларды орындауға кедергі келтірмеді.

**Әлеуметтік бейімделуі:** ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа жеңіл түседі. Тапсырмаларды белсенді орындады. Түсінбеген жағдайда көмек сұраудан гөрі, тапсырманы қайта түсіндіруді өтінеді. Әлеуметтік дағдылары жақсы қалыптасқан, тек кейде ұялшақтық байқалады.

### Ұсыныстар

- Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту үшін сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегілерді мазмұндау жұмыстарын жалғастыру.
- Сөздік қорын байыту мақсатында сұрақ-жауап, сипаттау және әңгімелеу ойындарын ұйымдастыру.
- Ұсақ моториканы жетілдіру үшін сурет салу, бояу, мозаика құрастыру, ермексазбен жұмыс жасауға көңіл бөлу.
- Ұялшақтықты азайту үшін топтық ойындар мен бірлескен әрекеттерге жиі қатыстыру.
- Баланың бастамашылдығын қолдап, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беру.
- Зейінін, есте сақтауын және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған ойындарды тұрақты түрде қолдану.
- Жетістіктерін мадақтап, өзіне деген сенімділігін арттыру жұмыстарын жалғастыру.

**Қорытынды:** Сұлтанның танымдық, сөйлеу, естесактау, эмоционалдық және әлеуметтік даму көрсеткіштері жақсы деңгейде қалыптасқан. Жас ерекшелігіне сәйкес дамуға, әрі қарай байланыстырып сөйлеуін дамыту және өзіне деген сенімділігін арттыру б ағытында жұмыстар жүргізу ұсынылады.

**Зерттелген күні 29.04.2026 жыл.**

**Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна**